



**Автор:** Курмангалиева Эльмира Оматаевна

**Пән:** Математика

**Сынып:** 5-сынып

**Бөлім:** Бұрыш. Көпбұрыш

**Тақырып:** Бұрыш

Сабақта қарастырылатын оқыту мақсаты:	5.3.1.5 бұрыштардың түрлерін ажырату (сүйір, тік, доғал, жазыңқы, толық); 5.3.3.3 бұрыштың градустық өлшемін табуға, бұрыштарды салыстыруға берілген есептерді шығару;
Сабақ мақсаттары	- бұрыштың түрлерін анықтайды (сүйір, тік, доғал, жазыңқы, толық); - бұрыштың градустық өлшемін табуға есептер шығарады.
Жетістік критерийлері	- бұрыштың түрлерін анықтайды (сүйір, тік, доғал, жазыңқы, толық); - бұрыштың градустық өлшемін табуға есептер шығарады. - бұрышты белгілейді және математикалық тілде жазады.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: «Жылы сөздер» тренингі арқылы сыныпта жағымды психологиялық жағдай орнату.</p> <p>Топқа бөлу. Оқушыларға үстел үстінен өздеріне ұнайтын фигураны таңдап алу ұсынылды. Оқушыларды төрт топқа бөлу үшін фигуралар төрт түрлі түспен берілді. Бір түспен берілген фигуралар таңдаған балалар топқа бірігіп отырды. Әр фигураға байланысты сипаттама беріліп, психологиялық жағдай орнатылады.</p> <p>Ширату жаттығуы: Суреттер: Нені байқадыңыз?</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. Балалар, мына суреттерден сіздер нелерді көріп тұрсыздар? - Фигураларды көріп тұрмыз.</li><li>2. Осы фигуралардың атын атап, қабырғасы мен төбесін көрсетейік! - Үшбұрыш, төртбұрыш, бесбұрыш, алтыбұрыш</li><li>3. Бұлар қалай жасалған: - Екі түбір сөздің бірігіп айтылуынан жасалған. үш+бұрыш, төрт+бұрыш... Балалар, олай болса бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай деп ойлайсыңдар? - «Бұрыш» Осы сабақта біз бұрыштың атауларымен, түрлерімен танысамыз, бұрыштарды оқып, білеміз. Мағынаны тану: «Кластер» әдісі арқылы «Бұрыш» тақырыбын берілген ертегіге және кітапқа сүйене отырып постерге салады. Кейін әр топтан бір оқушы шығып, тақтадағы кластерді толтырады.</li></ol> <p>Қалыптастырушы бағалау: «Бас бармақ» әдісі толықтай түсінсе, сенімді болса бас бармағын жоғары көтереді; түсінуге жақын болса, аздап білсе бас бармағын ортада ұстайды; егер түсінбесе, сенімсіз болса бас тармағын төмен түсіреді.</p> <p>«Сағат неше болды?» ойыны. Логикалық есептерді шешу (ауызша)</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. Сағаттың минуттық тілі мен сағаттық тілі 1500-де қандай бұрыш жасайды?</li><li>2. Тәулігіне сағат тілі неше рет тік бұрыш жасайды?</li><li>3. Сағат алтыны көрсеткенде оның сағаттық тілі мен минуттық тілі арасындағы бұрыштың шамасы қанша болады? Бағалау критерийі: логикалық тапсырмаларды көзге елестету арқылы бұрыштың градустық өлшемін табады Қалыптастырушы бағалау: «Қол шапалақтау» арқылы</li></ol>	<p>Түрлі-түсті фигуралар суреттері</p> <p>Үлестірме материал «Бұрыштар елі» туралы ертегі Оқулық «Математика» 5 сынып Т.А. Алдамұратова, Қ.С. Байшоланова, Е.С. Байшоланов Алматы «Атамұра» 2017 <a href="http://expert.atamura.kz/kz/books/77#page/135">http://expert.atamura.kz/kz/books/77#page/135</a> А3 форматы, түрлі түсті маркерлер, стикерлер.</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Жаңаны қолдану: Кім жылдам? Жеке жұмыс Берілген бұрыштардыңөлшеп, градусық өлшемдерін жазыңдар? Дәптерге сызыңдар</p> <p>Бағалау критерийі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Суреттегі барлық бұрыштарды өлшейді</li> <li>2. Градустық өлшемдерін анықтайды</li> <li>3. Транспортирдің көмегімен бұрышты сызады</li> <li>4. Бұрышты белгілейді және математикалық тілде жазады.</li> </ol> <p>Қалыптастырушы бағалау: стикерлер арқылы бағалау - өте жақсы; -жақсы; -қанағатты.</p> <p>«Сіз қаншалықты сенесіз?» Мұнда дұрыс және дұрыс емес тұжырымдар, түйінді сөздер беріледі.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бір нүктеден басталатын екі сәледен құралған фигураны бұрыш деп атаймыз иә</li> <li>2. Градустық өлшем дегеніміз берілген бұрышта неше градусық бірлік бар екенін көрсететін санды айтады иә</li> <li>3. Бұрышты құрайтын сәулені бұрыштың төбесі деп атайды жоқ</li> <li>4. Қабырғалары қарама-қарсы сәулелер болатын бұрыш жазыңқы бұрыш болады иә</li> <li>5. Тік бұрыштан үлкен, бірақ жазыңқы бұрыштан кіші бұрыш доғал бұрыш деп аталады иә</li> <li>6. Бұрыштың қабырғалары кесінділер болады жоқ</li> <li>7. Бұрышты градус есебімен өлшеу үшін градусник қолданылады жоқ</li> <li>8. Толық бұрыштың градусық өлшемі 180 градусқа тең жоқ</li> <li>9. Кез келген доғал бұрыш сүйір бұрыштан үлкен иә</li> <li>10. 1790 доғал бұрыш. иә</li> </ol> <p>Бағалау критерийі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «дұрыс» немесе «дұрыс емес» сөздерін жазу арқылы оқушылар ойларын жүйелейді</li> <li>2. жауап береді.</li> </ol> <p>Қалыптастырушы бағалау: «Плюс+» «минус-» әдісі «+»-дұрыс жауапқа; «-»-қате жауапқа қою</p> <p>Сергіту сәті: «Көңілді күн»</p>	
Сабақтың ортасы	<p>Оқулықпен жұмыс.</p> <p>«Ойлан-жұптас-бөліс» стратегиясы арқылы</p> <p>I топ: №871</p> <p>II топ: №874</p> <p>III топ: №877</p> <p>Бағалау критерийі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. - есептің шартына сәйкес сурет салады; - бұрыштарды дұрыс табады; - жауабын жазады.</li> <li>2. - сүйір бұрыштарды жазады; - доғал бұрышты жазады; - тік бұрыштарды жазады; - жазыңқы бұрышты жазады.</li> <li>3. - сүйір бұрышты транспортир көмегімен салады; - доғал бұрышты транспортир көмегімен салады</li> </ol> <p>Қалыптастырушы бағалау: «Бағдаршам» әдісі</p> <p>Жасыл - барлық есептер дұрыс шығарылған;</p> <p>Қызыл- түсінбедім;</p> <p>Сары – түсіндім, сұрақтарым бар</p>	<p>Оқулық «Математика» 5 сынып Т.А. Алдамұратова, Қ.С. Байшоланова, Е.С. Байшоланов Алматы «Атамұра» 2017</p> <p><a href="http://expert.atamura.kz/kz/books/77#page/135">http://expert.atamura.kz/kz/books/77#page/135</a> Бағдаршам суреті</p>
Сабақтың соңы	<p>Элективті тест. Kahoot бағдарламасы арқылы тест тапсырмаларын орындау. Білім алушы Интербелсенді тақтадағы тестті kahoot.it сайтына кіріп орындайды. Берілген тапсырманы уақытылы орындап, сұрақтарға нақты жауап береді. Бағдарлама бойынша дұрыс жауапты әр оқушы өз тексере алады.</p> <p>Кері байланыс.</p> <p>«Бағалау ағашы» Оқушылар себеттегі алма, гүл және жапырақ түріндегі жапсырма қағаздарды қабырғаға ілінген алма ағашына жапсыру арқылы сабақ бойынша ойларын қорытады, мұндағы:</p> <p>Қызыл – бүгінгі сабақтан түйгенім өте көп, маңызды болды. Сары – бүгін сабақта түсінбеген сұрақтарым бар, оқуым керек.</p> <p>Жасыл – бүгін көп нәрсені түсіндім, маған пайдалы болды.</p>	<p>Get.kahoot.com арқылы құрастырылған 9 сұрақ</p>